

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 10 қыркүйек N 1363 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы және мәтініндегі сөздер өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.01.31. N 165 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарға сәйкес осы қаулымен бекітілетін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне беруді және қажет жағдайларда оған иелік ету және пайдалану құқықтарын беруді ресімдеуді қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 997 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 28, 249-құжат) 2-7-тармақтары;
- 2) "Солтүстік Қазақстан облысының жекелеген машина жасау акционерлік қоғамдарын қаржылық сауықтыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 сәуірдегі N 294 қаулысының 4-тармағының бесінші - сегізінші абзацтары;
- 3) "Қазаккумулятор" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі

шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 340 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 11, 103-құжат) 3-тармағы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 10 қыркүйектегі

N 1363 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі құзыретінің шегінде қорғаныс өнеркәсібі саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функциясын, сондай-ақ қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімді әзірлеу, өндіру және сату жөніндегі мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

480016, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 2.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынды.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру және жою саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстарды қалыптастыруға, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін, әскери мақсаттағы экспорттық-импорттық берулерді дамыту мен конверсиялаудың бағдарламаларын әзірлеуге қатысу бұл бағдарламаларды іске асыру;

3) өз құзыретінің шегінде мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу;

4) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау және қорғаныс өнеркәсібінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, олардың жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) қорғаныс ұйымдарын конверсиялау бағдарламаларын іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдемдесу болып табылады.

11. Комитет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және өз құзыретінің шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу және шығару саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу мен шығарудың ағымдағы және ұзақ мерзімдік бағдарламаларын әзірлеуге және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп оны іске асыруға қатысады;

3) қорғаныс өнеркәсібін дамыту және конверсиялау бағдарламаларын іске асыруды салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

4) Үкіметтің шешімі бойынша Комитеттің құзыреті аясында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың акцияларындағы мемлекеттік үлестер мен

пакеттерге иелік ету және пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруға қатысады;

6) жұмылдырушылық қуаттар мен резервтерді құру, жинақтау және сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды қалыптастыруға қатысады;

7) ішкі қажеттіліктер мен экспортты қамтамасыз ету үшін қару-жарақтар мен әскери техникаларды шығаруды, өндіруді конверсиялау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және орындауды ұйымдастырады ;

8) қару-жарақты, әскери техникаларды және екіұдай мақсаттағы өнімдерді экспорттық-импорттық берулер саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қ а т ы с а д ы ;

9) жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау, қару-жарақтар мен әскери техникаларды шығаруды қысқарту жөніндегі халықаралық шарттарды, келісімдерді және міндеттемелерді іске асыруды ұйымдастырады;

10) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенде ғылыми-техникалық және технологиялық даму бағдарламаларын әзірлеуді және Комитетке бағынысты ұйымдарды қайта жаңарту мен техникалық жағынан қайта жарақтандыруды к е ң е й т у д і ұйымдастырады ;

11) қорғаныс тақырыптамасы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі - ҒЗТҚЖ) жүргізуді ұйымдастырады және оларды екіұдай қолданудың мүмкіндіктерін айқындайды;

12) өнімдердің бәсекелестік қабілеті мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай техникалық саясатты іске асырады, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенде ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетті тиімді пайдалануды ұйымдастырады;

13) қару-жарақтардың, әскери техникалардың және оқ-дәрілердің жаңа технологияларын әзірлеуді және енгізуді үйлестіреді;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асырады;

14-1) Қазақстан Республикасы тұтынушы ұйымдарының барлық кезеңдегі жарылғыш материалдарға қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

15) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің құрамына кіретін ұйымдарды жұмылдырушылық дайындау жөніндегі іс-шараларды орындауды ұйымдастыруға қ а т ы с а д ы ;

16) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына шетелдік әріптестермен тікелей өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстар орнатуға жәрдем көрсетеді, олардың сыртқы экономикалық қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныс д а й ы н д а й д ы ;

17) әскери-техникалық ынтымақтастық саласында халықаралық келісімдерді

дайындауға қатысады және олардың іс жүзінде іске асырылуын қамтамасыз етеді ;

18) құпия жаңалықтарды қорғауды, оның ішінде өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда да, қамтамасыз етеді;

19) қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялау бағдарламаларын орындалуға бөлінген бюджеттік қаражаттардың жұмсалуды, сондай-ақ қорғаныс тақырыптамасы бойынша ҒЗТҚЖ-ны жоспарлауға және бақылауға қатысады;

20) Қазақстанның және басқа да мемлекеттердің қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенін дамытудың тенденциялары мен серпінін талдауды және оларға шолуларды дайындауды жүзеге асырады;

21) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің қызметін реттейтін заңдардың қолданылу тәжірибесін қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

22) сыртқы және ішкі тауар рыноктарындағы конъюнктураны зерделейді және қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдердің экспорты мен импортының құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

23) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.27. N 1264 қаулысымен.

12. Комитеттің негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру және жою саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдау туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

3) басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сарапшылар мен мамандарды, сондай-ақ барлық меншік нысанындағы жару ісі саласындағы мамандандырылған ұйымдардың жұмысқа тартуға;

4) қорғаныс өнеркәсібін конверсиялаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске а с ы р у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамытудың және оны реформалаудың бағдарламаларын әзірлеуге;

6) басқа мемлекеттік басқару органдарының құзыретіне кіретін, бірақ қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының мемлекетаралық экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастығы мәселелерін қарауға және келісуге қатысуға;

7) республиканың ішінде де, халықаралық деңгейде де қорғаныс өнеркәсібі мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіруге;

8) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен, қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеуге;

9) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенінің қызметін реттейтін заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, осы мақсат үшін республиканың өзге де мемлекеттік органдарын тартуға;

10) қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге, шығаруға және іске асыруға қатысатын ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.27. N 1264 қаулысымен.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитеттің мүлкі республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) өзінің орынбасарының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 0 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 1 3 6 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Экономика және сауда
министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің қарауындағы
ұ й ы м д а р ы н ы ң
Тізбесі**

"Машина жасау зауыты" ААҚ (Алматы қаласы)

"ЗИКСТО" ААҚ (Петропавл қаласы)

"Зенит" ААҚ (Орал қаласы)

"Металлист" ААҚ (Орал қаласы)

"Омега" ААҚ (Орал қаласы)

"Гидроприбор ҒЗИ" ААҚ (Орал қаласы)

"Шельф" ААҚ (Атырау қаласы)

"Наука-Восток" ААҚ (Көкшетау қаласы)

"Органикалық емес өндірістер зауыты" ААҚ (Серебрянск қаласы)

Микрография ҒЗИ (Орал қаласы)

Арнайы материал тану ҒЗИ (Шымкент қаласы)

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.08.07. N 1211 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Тізбеден жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.11.28. N 1775

қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж . 1 0 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 1 3 6 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл
қару-жарақтарын жою жөніндегі үкімет комиссиясы туралы" Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 119
қ а у л ы с ы н д а :

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің төрағасы Марат Қарабекұлы

Сарқытбаев Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі үкімет комиссиясының құрамына Комиссия төрағасының орынбасары болып енгізілсін;

Бекболат Әбдіғалиұлы Байғарин көрсетілген құрамнан шығарылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.12.14. N 1917 қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасының аумағындағы шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 1280 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі үкімет комиссиясы туралы ережеде :

4 және 9-тармақтардағы "Қорғаныс министрлігінің" деген сөздер "Энергетика , индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесінде :

реттік нөмірі 1-жолдағы 2-бағандағы "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Қазақстан Республикасында жасалған құпия өнертабыстармен жұмыс істеудің уақытша тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 тамыздағы N 1044 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы , 1996 ж., N 35, 330-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада :

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті".

